


The background is a light cream color with dark grey wavy borders at the top and bottom. Scattered throughout are various sports-related icons: a football at the top center, a baseball bat on the right, a soccer ball on the left, a baseball on the right, a basketball on the left, a volleyball on the left, a trophy on the right, and an apple on the bottom right. Small grey and white stars are also scattered across the page.

«Гүлдәурен-7» бөбекжай-бақшасы

Эстафеталық ойын

Тақырыбы: «Көңілді достар»

2024 ж

Көңілді эстафета балабақша сайысы

Тақырыбы: Көңілді достар

Мақсаты: Балалардың денесін шынықтыруға, денсаулығын нығайтуға, дұрыс өсіп қалыптасуға үйрету, жарысуға, жарыста жеңімпаз болуға үйрету. Спортпен айналасудағы әртүрлі дене шынықтыру жаттығуларының әдістерін үйрету, оларды қолдану. Жаны таза ұрпақты салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Қажетті құралдар: кеглилер, велосипедтер, шығыршықтар, ысқырық

Жүру барысы:

Кішкентай бүлдіршіндер! Ортаңғы «Алтын сақа» тобында ұйымдастырылған «Көңілді эстафета» сайысына қош келдіңіздер!

Жарысқа қатысушыларды ортаға шақырамыз.
Ұстанған салауатты өмір салтын,
Жасқанып, ешқашан да мойымайтын,
Болашақ спортшылар келді ортаға
Қол соғып қарсы алайық, қане, халқым!

«Сұңқар» тобы.

«Тұлпар» тобы

Сайыс 4 бөлімнен тұрады:

1. Таныстыру

2. «Кім епті?»
3. «Кім жүйрік?»
4. «Кім күшті?»

1 – бөлім. Таныстыру.

Шарты: Екі топ өздерін таныстырады.

I — топ «Сұңқар» Ұраны: «Сұңқарлар алға, биікке самға, ешкімнен қалма!»

II — топ «Тұлпар» Ұраны: «Тұлпар болып шабамыз, сұңқардан біз озамыз»

Құрметті сайыскерлер, сіздерге сәт — сапар!

II – бөлім. «Кім епті?»

Шарты: Межеге дейін кеглидің арасымен еңбектеп барып,межені айналып жүгіріп келу.

III – бөлім. «Кім жүйрік?»

Шарты:Велосипед межеге дейін барып,кері келу.

IV – бөлім. «Кім күшті?»

Шарты: Еденде жатқан шығыршықтан шығыршыққа секіріп межеге дейін барып,межені айналып кері келу.

Осымен сайысымыз аяқталды жеңімпаздарды марапаттау үшін сөз кезегін әділқазыларға береміз.

Спорт – көркі өмірдің,

Спорт- досың, серігің.

Жаттықсаң шымыр боларсың,

Шынығып, өсіп, толарсың, — демекші салауатты өмір салтын ұстанып,
спортты серік етейік! Сау болыңыздар!

Сайысымызды келіп тамашалағандарыңызға көп-көп рахмет!

Тақырыбы: «Кел танысайық!» танысуға арналған психологиялық тренинг.

Мақсаты: балалардың бір-бірлерімен танысуға, достасуға, бір-бірлерімен достық қарым-қатынас орнатуға арналған.

1-ойын: «Танысу».

Барлығымыз шеңбер жасап отырайық. Қазір шеңбер бойымен кезекпен жүргізушінің оң жағында отырған қатысушыдан бастап, топқа таныстырамыз. «1-2 сөйлем арқылы балапан тобы, өзінің мінезін айту керек. Осы сөздерден кейін психолог өзін таныстырып, әңгімелейді. Психологтан кейін әр бір адам айналым бойынша өзін өзі таныстырады. Танысу біткен соң таныстырудың қалай өткені туралы пікірталас жүргізіледі. Психолог топқа мынадай сұрақ қояды: кімнің таныстыруы сіздің есіңізде қалды және оның сізге несімен ұнады».

2-ойын: «Қарусель».

Топ мүшелері екіге бөлінеді. 1-ші топ ішкі, 2-ші топ сыртқы болып бөлініп, екі шеңбер жасайды. Жетекшінің берген белгісі бойынша олар тоқтайды да екеуден ішкі топпен сыртқы топ бір біріне қарсы тұрған адамдар бірігеді. Әрбір топқа кезекпе кезек жетекші белгілі бір рөл беруі керек, олар тез арада сол рөлді 2-3 минутта көрсетуі керек. Мысалы: сатушы-сатып алушы; мұғалім-оқушы, дәрігер қаралушы, полиция – жүргізуші; әкесі – баласы; анасы – қызы. Бұл ойын әрбір адамның өзінің мінезін, көңіл-күйін, қабілетін өзгерте білуіне, осы арқылы өзгелермен еркін араласу қабілетінің дамуына көмектеседі.